

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### Ұзақ мерзімді кезеңде жинақталған инвестициялық кірістілік инфляциядан айтарлықтай асып түсіп, одан әрі еселене түсуде

1998 жылы жинақтаушы зейнетакы жүйесі құрылған сәттен бастап 2025 жылғы 1 ақпанға дейін жинақталған инвестициялық кірістілік еспелі қорытындымен 966,41% көрсетті. Ал осы бүкіл кезеңдегі инфляция 837,99 % тең.

Атап өткен жөн, зейнетакы жинақтары - ұзақ мерзімді инвестиция, инвестиациялық кірістің мөлшерін кем дегендеге бір жыл ішінде талдаған абзат. Қысқа мерзімді (апталық, айлық және т.б.) деректер көрсеткіш бола алмайды. Өйткені олар нарықтық жағдайлардың үнемі ұшырайтын өзгерісіне тәуелді. 12 айдағы инвестиациялық қызметке жасалған талдау бұл деректің растамасы: 2025 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚРҰБ) басқаратын, міндепті, міндепті кәсіптік және ерікті зейнетакы жарналары есебінен қалыптастырылған және соңғы 12 айда салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген зейнетакы активтерінің кірістілігі 15,66%, бұл кезеңдегі инфляция деңгейі 8,90% болды.

Бәрімізге белгілі, ҚРҰБ және инвестиациялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) басқаруындағы зейнетакы активтері Қазақстанда және шетелде нарықтық шарттарда әртүрлі валюталарда инвестицияланады. Белгілі бір құралдарға қаржат салу кезінде жаһандық және ішкі факторлар ескеріледі. Зейнетакы активтерін сақтау және кірістілік алу үшін ҚРҰБ пен ИПБ-лар инвестиациялық портфельді әртаратандырады: зейнетакы активтері нарықтық жағдайлары ескере отырып, белгілі бір көлемде әртүрлі қаржы құралдарына инвестицияланады. Бұл кең таралған әлемдік тәжірибе. Дұние жүзіндегі зейнетакы қорлары зейнетакы капиталын инвестициялау және көбейту үшін тартымды да тиімді мүмкіндіктерді іздестіруін тоқтатқан емес.

Зейнетакы жинағындағы елеулі үлес, әдетте, инвестиациялық кіріске тиесілі. Жылдан жылға зейнетакы жинақтарының көлемі ғана емес, ондағы инвестиациялық кірістің үлесі де артып келеді. Мысалы, 2014 жылдан бері жинақталған (зейнетакы активтері БЖЗК-га біріктірілгеннен кейін) 2025 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша таза инвестиациялық кіріс **11,54 трлн теңге** жетті (салыстыру үшін - 01.02.2024ж. ол 8,6 трлн теңгеден астам сома болған). Жүзеге асырылған төлемдерді ескере отырып, 2025 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша қазақстандықтардың зейнетакы жинақтарының жалпы көлеміндегі жинақталған таза инвестиациялық кірістің үлесі **40,9%-дан** асты. Бұл азаматтардың жинақтары құрылымындағы инвестиациялық қызметтің маңызды рөлін көрсетеді (01.02.2024ж. бұл көрсеткіш 37,1% болған еді).

Алайда, инвестиациялық кіріс - құбылмалы мән, ол көптеген факторларға, соның ішінде қаржы нарықтарындағы жағдайға, бағалы қағаздардың нарықтық құнына, валюта бағамдарының өзгеруіне байланысты. Сондықтан шетел валюталары бағамдарының және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруіне байланысты инвестиациялық кірістің мөлшері жекелеген кезеңде оң да, теріс те болуы мүмкін. Мысалы, өткен жылдың соңынан бастап доллар бағамы 499 теңгеден 530 теңгеге дейін кең ауқымда өзгерді, содан кейін қайтадан 500 теңгеге дейін төмендеді. Соның салдарынан зейнетакы активтерін валюталық қайта бағалау апта сайын оң немесе теріс нәтиже беріп отырды. Ал салымшылар зейнетакы жинақтарының инвестиациялық бөлігінің уақытша төмендеуін байқады. Мысалы, 2025 жылғы қантар-ақпан айларында осындай жағдай орын алды.

Сондай-ақ, Қазақстанда инфляция деңгейін ескере отырып, міндепті зейнетакы жарналарының сақталуына бірегей кепілдік берілетінін еске саламыз. Салымшының төлемге құқығы басталған кезде жинақталған кірістілігіне кері әсерін тигізген жекелеген кезеңдердегі кірістіліктің төмендеуі жағдайында айырманың өтемақысына мемлекет кепілдік береді.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару мен есепке алуудың барлық жүйесі ашық; әрбір салымшының [enpf.kz](http://enpf.kz) сайтындағы немесе ұялы қосымшадағы жеке кабинетінен өзінің инвестициялық кірісін көруге мүмкіндігі бар.

БЖЗК зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және олар орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат Қордың ([www.enpf.kz](http://www.enpf.kz)) ресми сайтындағы «Көрсеткіштер/Инвестициялық қызмет» бөлімінде жарияланады.

Такырып бойынша бейнетүсініктеме БЖЗК ЕНПФ YouTube-арнасынан көруге болады.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген отемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Кор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алууды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алууды жүзеге асырады ([www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).